# КЕЛІСІМ ШАРТ № 17

«15» 02 2023 ж

Құтарыс ауылы

ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы, ҚР Конституциясы және ҚР «Білім туралы» Заңдарына сәйкес әрекет ететін бұдан әрі Бөбекжай деп аталатын мектепке дейінгі ұйым Сайрам аудандық білім беру бөліміне қарасты «Ақ қайың» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының атынан мекеме Жаргысы негізінде әрекет ететін бөбекжай меңгерушісі **Абдраманова Күнсулу Алимкуловна** бір жағынан, екінші жағынан Нарынбек Рияна Бахадырқызы 180716600831

(баланың тегі, аты,әкесінің аты, туған жылы, ЖСН)

Ата-анасы (оларды алмастыратын тұлғалар) Нурахова Орынкул

осы шартты жасады:

1. **Бөбекжайдың міндеті:**
   1.1. Ата-ананың бірінің немесе қамқоршысының жеке куәлігінің көшірмесі, баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі, баланың денсаулық паспорты, қоршаған ортасы туралы анықтама және жолдамасы негізінде баланы Бәйтерек тобына қабылдау (8.00-ден 8.30-ға дейін).
   1.2. Баланың дене және психикалық денсаулығын нығайтуды және өмірін қорғауды; оның интеллектуалдық, дене және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету; оның шығармашылық қабілеттерін және қызығушылықтарын дамыту; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тәсілдерді жүзеге асыру; баланың эмоционалдық жайлылығына қамкор болу.
   1.3. Бөбекжайдада заттық дамытушы ортаны (бөлме, құрал-жабдықтар, оқу-көрнекілік құралдары, ойындар, ойыншықтар) ұйымдастыру.
   1.4. Баланың жас, жеке ерекшеліктеріне, білім беру бағдарламасының мазмұнына сай, оның іс-әрекетін ұйымдастыру.
   1.5. Балаға алғашқы медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру.
   1.6. Баланың дұрыс өсуі мен дамуына қажетті дұрыс тамақтанумен (төрт мезгіл тамақтандыру) қамтамасыз ету.
   1.7. Баланың санаторлық-курорттық емделуіне және ата-анасының еңбек демалысын алуына байланысты анықтамасы болған жағдайда, бөбекжайда 1 ай көлемінде орын сақталуын қамтамасыз ету. Бала мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету.
   1.8. Баланы жасына байланысты топтан топқа ауыстыру. Баланың бөбекжайға келу кестесін белгілеу: аптасына 5 күн, сағат 8.00-18.00 ге дейін.
2. **Ата-ананың міндеті:**
   2.1. Бөбекжай жарғысын және осы шартты орындау.
   2.2. Ата-аналардың және бөбекжай жанынан құрылған қамқоршылық кеңес мүшелерінің бірлескен шешіміне сәйкес, 2022 жылдың 1 қарашасынан бастап күніне 450 тенге, **айына 9000 теңгеден тамаққа ақы төленсін** және ата-аналар жарнасын алдыңғы айдың 10-шы жұлдызына дейін жүзеге асырсын.
   2.3. Келісім-шартқа сәйкес ата-ана төлемақыны уақытында орындалмаған жағдайда бала бөбекжайдан шығарылады.

Сканировано с CamScanner

2.4.Баланы 16 жасқа толмаған тұлғаларға сеніп тапсырмай, тәрбиешіге өзі алып келуі және өзі алып кетуі тиіс (8.00-18.00 аралығында).

2.5.Баланың бөбекжайға келе алмайтыны туралы тәрбиешіге хабарлауы керек.

2.6. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша бөбекжаймен бірлесіп әрекет ету.

2.7. Бала бөбекжайға ауырып келмеген жағдайда бала сауыққанан кейін дәрігердің рұқсатымен дәрігер анықтамасын міндетті түрде алып келуі тиіс.

3. **Бөбекжай құқылы:** ҚР Үкіметінің 2013ж 17 мамыр №499 қаулысын негізге ала отырып Бөбекжай:

**3.1. Мектепке дейінгі ұйымда баланың орнын мынадай жағдайда сақтайды:**

- бала ауырып қалған;
- бала медициналық, санаториялық-курорттық және өзге де ұйымдарда емделген және сауықтырылған;
- ата-анасының немесе заңды өкілдерінің біреуіне еңбек демалысы берілген;

**3.2. Басшы баланы мектепке дейінгі ұйымдардан мынадай жағдайда шығарылады:**

- ата-ана келісім шартқа тұрмаған;
- баланы мектепке дейінгі ұйымда ұстау үшін ай сайынғы төлемақы уақтылы төленбеген (төлемақыны белгіленген мерзімнен күнтізбелік 15 күннен астам кешіктіру);
- бала бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;
- дәрігерлік бақылау комиссиясы анықтамасының негізінде баланың келуіне кедергі болатын денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытындысы болған жағдайларда.
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-3 Білім туралы Заңына сәйкес және 18 ақпан 2014 жылғы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты 30 тарауының 1 тармағы бойынша жеті жасқа толған күні бала балабақшадан шығарылады.

**4.Ата-ана құқылы:**

4.1. Балабақша Жарғысы мен осы шарт міндеттерінің орындалуын талап етуге;

4.2. Меңгеруші мен тәрбиешілердің балалармен жүргізілетін жұмыстары туралы есептерін тыңдауға;

4.3. Осы келісім шарт бір жылға жарамды.

4.3. Осы шартты бір жақты тәртіппен бөбекжайды бұл жөнінде алдын-ала 10 күн бұрын ескерте отырып бұзуға құқылы.

4.4. Шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және екі жақтың келісімі бойынша мерзімі ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.

4.5. Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар қосымша түрінде рәсімделеді.

4.6. Шарт екі данада жасалған:

Бір данасы баланың жеке құжатында тіркеледі, екіншісі ата-анада сақталады.

**Осы шартқа қол қойған тараптар:**

| | |
|---|---|
| МКҚК «Ақ қайың» | Ата-ананың аты-жөні,мекен жайы және тел: |
| Түркістан облысы, Сайрам ауданы | Օбидаул ауылы |
| Құтарыс ауылы, Әубәкіров № 32 | Жамбыл көшесі |
| Тел. 8-725-31-35-310 | №23 үй |
| БИН 121240007138 | тел. 87479836373 |
| БИК NURSKZKX | Нурохов О. |
| ИИК KZ 2684906KZ000666233 | |
| Меңгеруші ________ | |

**Екінші данасын алдым:** ______________________________

Сканировано с CamScanner